

Медициналық, дәрігерлік қызметті лицензиялау ережесін және лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 7 қарашадағы N 1057 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2301 Қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2301 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының " Денсаулық сақтау жүйесі туралы " 2003 жылғы 4 маусымдағы және " Лицензиялау туралы " 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған :

1) Медициналық, дәрігерлік қызметті лицензиялау ережесі;
2) медициналық, дәрігерлік қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Медициналық және дәрігерлік қызметті лицензиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 маусымдағы N 767 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 20, 258-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қазандағы N 1624 және 2001 жылғы 7 маусымдағы N 767 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 35 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 1, 11-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 маусымдағы N 767 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 1224 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 45, 579-құжат).

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2007

жылғы

7

қарашадағы

бекітілген

Медициналық, дәрігерлік қызметті лицензиялау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Медициналық, дәрігерлік қызметті лицензиялау ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының " Денсаулық сақтау жүйесі туралы " 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңына және Қазақстан Республикасының " Лицензиялау туралы " 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және заңды және жеке тұлғалардың медициналық, дәрігерлік қызметпен (бұдан әрі - медициналық қызмет) айналысуына лицензияларды берудің тәртібі мен талаптарын айқындайды. K090193

2. Медициналық қызметті республикалық маңызы бар ұйымдар орындайтын жұмыстар мен қызметтер және еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптама бөлігінде лицензиялауды медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік орган жүзеге асырады .

Республикалық маңызы бар ұйымдар орындайтын жұмыстар мен қызметтерді және еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптаманы қоспағанда, медициналық қызметті лицензиялауды облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

3. Денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалар (бұдан әрі - лицензиаттар) лицензиялауға жатады.

4. Медициналық қызметті лицензиялау азаматтардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз ету, лицензиаттардың халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету мүмкіндігін бағалау мақсатында жүргізіледі.

5. Шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар мен халықаралық ұйымдар лицензияны, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмеген болса, Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары сияқты шарттарда және тәртіппен алады.

2. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны берудің шарттары мен тәртібі

6. Медициналық қызметпен айналысуға лицензия мерзімі шектелмей беріледі . Лицензия иеліктен шығарылмайды және оны лицензиат басқа заңды немесе жеке тұлғаға бере алмайды.

7. Лицензияның күші Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

8. Лицензия мен лицензияға қосымшаның нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді .

Медициналық қызметтің кіші түрі көрсетілген лицензияға қосымша лицензияның ажырамас бөлігі болып табылады.

9. Медициналық қызметтің лицензияланатын кіші түрі Заңмен белгіленеді.

10. Медициналық қызметпен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, егер облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы немесе медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік органның аумақтық органдары лицензиар болып табылса, жеке немесе заңды тұлғаларды тіркеу орны бойынша беріледі.

11. Медициналық қызметпен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес лицензиялар (лицензиялардың телнұсқасы) берілген кезде алынады.

Медициналық қызметпен айналысу құқығына лицензиялық алым ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді .

Лицензияға қосымшаларды (лицензияға қосымшалардың телнұсқаларын) берген кезде лицензиялық алым алынбайды.

12. Медициналық қызметке лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) ө т і н і ш ;

2) заңды тұлға үшін - Жарғының және өтініш берушінің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі ;

3) жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) дара кәсіпкер үшін - өтініш берушінің дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

6) жекелеген қызмет түрімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;

7) біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар:

үй-жайға немесе оны жалға алуға меншік құқығын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

экспликациясы бар үй-жайдың техникалық паспортының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

медициналық қызметтің өтініш берілетін кіші түрлеріне сай Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес медициналық және (немесе) арнайы жабдықтардың, техниканың, аппаратура мен құралдардың, мүкәммалдың, арнайы киімнің, олардың сақталуын қамтамасыз етуге және жағдай жасауға

арналған құралдардың болуын растайтын құжаттар;
заңды тұлғалар үшін бірінші басшы бекіткен штат кестесі;
біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес медицина қызметкерлері туралы
мәліметтер (заңды тұлғалар үшін);

жеке тұлғалар үшін (заңды тұлғалар үшін - медицина қызметкерлерінің)
білімі туралы дипломның нотариалды куәландырылған көшірмесі;
медициналық қызметтің өтініш берілетін кіші түрлері бойынша соңғы 5 жыл
ішінде жеке тұлғаның (заңды тұлғалардың медицина қызметкерлерінің)
мамандандырудан, білімін жетілдіруден және біліктілігін арттырудың басқа
түрлерінен өткендігін растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған
к ө ш і р м е л е р і ;

жеке тұлғаның (заңды тұлғалар үшін - медицина қызметкерлердің) қызметін
растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

жеке тұлғаның (заңды тұлғалар үшін - медицина қызметкерлерінің) маман
сертификатының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

медицина қызметкерлерін (заңды тұлғалар үшін) жұмысқа қабылдау туралы
бұйрықтардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

халықтық медицина әдістерімен емдеумен (емшілікпен) айналысқысы келетін
, арнайы медициналық білімі жоқ адамдар үшін медициналық қызмет көрсету
саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік орган берген халықтық және
дәстүрлі емес медицина әдістерімен емдеуді жүзеге асыру құқығына берілетін
куәлік. V095877

13. Лицензиясы бар медициналық қызмет шеңберінде лицензияға қосымша
алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) ө т і н і ш ;

2) лицензияның нотариалды куәландырылған көшірмесі;

3) осы Ереженің 12-тармағының 7) тармақшасында көзделген мәліметтер мен
құжаттар.

14. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін тиісті
лицензиарға ұсынылған барлық құжаттар тізімдеме бойынша қабылданады, оның
көшірмесі құжаттарды қабылдаған күні туралы белгі соғылып, өтініш берушіге
жіберіледі (табыс етіледі).

15. Лицензиар лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны осы
Ережеде белгіленген тиісті құжаттармен қоса өтініш берген күннен бастап отыз
жұмыс күнінен кешіктірмей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін он жұмыс
күнінен кешіктірмей береді.

Лицензиар осы тармақта белгіленген мерзімнің ішінде лицензияны және (немесе)
лицензияға қосымшаны беруге лицензияны және (немесе) лицензияға
қосымшаны беруден бас тарту себептері туралы жазбаша түрде дәлелді жауап

Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын қайта ресімдеу және беру Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

16. Лицензиар басшысы не осыған уәкілетті тұлға лицензияға және (немесе) лицензияға қосымшаға қол қояды және олар лицензиардың мөрімен куәландырылады.

17. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны өтініш берушіге немесе оның уәкілетті өкіліне беру сенімхаттың негізінде жүргізіледі.

18. Лицензиясы және (немесе) лицензияға қосымшасы жоғалған, бүлінген жағдайда лицензиат лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын алуға құқығы бар.

Бұл ретте лицензиат лицензияның телнұсқасын беру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төлейді.

3. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту

1 9 . Е г е р :

1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызметтің белгілі бір түрімен айналысуға тыйым салынған;

2) осы Ережеге сәйкес талап етілетін барлық құжаттар табыс етілмеген. Өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойған жағдайда өтініш жалпы негізде қ а р а л а д ы ;

3) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым енгізілмеген;

4) өтініш беруші біліктілік талаптарына сай келмеген;

5) өтініш берушіге қатысты оған медициналық қызметпен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот шешімі болған жағдайларда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тартылуы мүмкін.

20. Лицензиар лицензия беруден бас тартқан жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін белгіленген мерзімдерде өтініш берушіге жазбаша түрде дәлелді жауап қайтарады.

4. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, тоқтату, одан айыру

21. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, одан айыру Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

22. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша Заңның 48-бабында көзделген жағдайларда өзінің қолданылуын тоқтатады.

5. Лицензиялық бақылау

23. Лицензиар лицензиаттың Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған лицензиялық бақылауды жүзеге асырады.

Лицензиар өз құзыретінің шеңберінде лицензиаттан бақылау функцияларын орындау үшін қажетті тиісті ақпаратты ұсынуын талап етуге құқылы.

24. Лицензиар берілген, қайта ресімделген, тоқтата тұрған, жаңартылған және қолданылуы тоқтатылған лицензиялар туралы мәліметтерді қамтитын лицензиялар тізілімін жасайды.

Лицензиялар тізілімінде Заңның 8-бабының 5) тармақшасында көзделген мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

7

қ а р а ш а д а ғ ы

N

1 0 5 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Медициналық, дәрігерлік қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес медициналық, дәрігерлік қызметті (бұдан әрі - медициналық қызмет) лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:

1) санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік саласында қойылатын талаптарға сәйкес келетін үй-жайдың;

2) медициналық қызметтің өтініш берілетін кіші түрлеріне сәйкес медициналық және (немесе) арнайы жабдықтардың, техниканың, аппаратура мен құралдардың, мүкәммалдың, арнайы киімнің, олардың сақталуын қамтамасыз етуге және жағдай жасауға арналған құралдардың;

3) осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес медицина қызметкерлері туралы мәліметтермен расталатын медицина қызметкерлері штатының;

4) медициналық қызметтің өтініш берілетін кіші түрлеріне сәйкес тиісті білімінің;

5) медициналық қызметтің өтініш берілетін кіші түрлері бойынша соңғы 5 жыл ішінде мамандандырудың немесе білімін жетілдірудің және біліктілігін арттырудың басқа да түрлерінің;

6) жеке тұлғаларда медициналық қызметтің өтініш берілетін кіші түрлері бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің;

7) тиісті маман сертификатының;

8) медицина қызметкерлерін (заңды тұлғалар үшін) жұмысқа қабылдауды растайтын құжаттың.

2. Халық медицинасының әдістерімен емдеумен (емшілікпен) айналысқысы келетін, арнайы медициналық білімі жоқ адамдар үшін осы біліктілік талаптарының 1-тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген талаптарға қосымша медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік орган беретін тиісті куәлігінің болуы қажет. V095877

Медициналық, дәрігерлік қызметті
лицензиялау кезінде қойылатын
біліктілік талаптарына

қосымша
Медицина қызметкерлері туралы мәліметтер

(денсаулық сақтау субъектісінің атауы) (20__ жылғы "____" _____ жағдай бойынша)							
P/ с N	Тегі, аты, әкесінің аты	Атқарып отырған қызметі	Білімі	Маман- дығы бойынша өтілі	Соңғы бес жылдың ішінде білік- тілі- гін артты- ру туралы құжаты	Білік- тілік санаты беріл- мей маман серти- фика- тының болуы	Білік- тілік санаты беріл- мей маман серти- фика- тының болуы
1	2	3	4	8	9	10	11

Басшы _____

(қ о л ы , Т . А . Ә .)

М . О .

Кадр бөлімінің бастығы (кадр жөніндегі маман) _____
(қолы, Т.Ә.А.)